

ҚАЗІР – НАҒЫЗ АЗ СӨЙЛЕП, КӨП ІС ТЫНДЫРАТЫН ШАҚ

Абылай
Дүйсебаев,
мәдениеттанушы

Елімізде мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру бағытында атқарылуға тиіс жұмыстар үздіксіз жалғастырылып келеді. Осы орайда Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев 2021 жылғы 1 қыркүйектегі «ХАЛЫҚ БІРЛІГІ ЖӘНЕ ЖҮЙЕЛІ РЕФОРМАЛАР – ЕЛ ӨРКЕНДЕУІНІҢ БЕРІК НЕГІЗІ» атты Қазақстан халқына арналған Жолдауында былай деді: *«Қазақ тілін дамыту мемлекеттік саясаттың басым бағытының бірі болып қала береді. Бұл салада айтарлықтай нәтиже бар. Қазақ тілі, шын мәнінде, білім мен ғылымның, мәдениет пен іс жүргізудің тіліне айналуда. Жалпы, мемлекеттік тілді қолдану аясы кеңейіп келеді. Бұл – заңды құбылыс, өмірдің басты үрдісі. Сондықтан, қазақ тілінің өрісі тым шектеліп бара жатыр деуге негіз жоқ. Атазаң бойынша Қазақстанда бір ғана мемлекеттік тіл бар. Бұл – қазақ тілі. Орыс тілі ресми тіл мәртебесіне ие. Біздің заңнамаға сәйкес, оның қолданылуын шектеуге болмайды. Болашағын Отанымызбен байланыстыратын әрбір азамат қазақ тілін үйренуге ден қоюға тиіс. Бұл отаншылдықтың басты белгісі деуге болады».*

Бұл сөздер ұлтымыздың ең маңызды рухани құндылығы болып табылатын ана тіліміздің жағдайына мемлекет тарапынан қаншалықты көп көңіл бөлініп жүргенінің нақты дәлелі болса керек. Жалпы, президентіміздің осы тақырып бойынша өз пікірін мейілінше терең және жан-жақты түрде білдіруге пейілді екені өте анық байқалады және бұл жалпы қазақтың көңілінен шығады деп ойлаймыз. Ал бір сөзбен айтқанда, оның мемлекеттік тіл жағдайын жақсарту мен мәртебесін арттыру турасындағы іс-шараларға қатысты ұстанымы «арық айтып, семіз шығу» дегенге саятын сияқты. Соның бір дәлелі мынау. Кезінде республикалық «Ана тілі» газетіне арнайы берген сұхбатында мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев мынадай пікір танытты: *«География – геосаясаттың маңызды факторының бірі. Бірақ бұл мемлекеттік тілге қатысты жұмыстарды тоқтатып қою керек дегенді білдірмейді. Қайта оны ың-шыңсыз, айғайламай, қызбалыққа салынбай, бірақ табанды түрде жалғастыра беру қажет. Бұл орайда Өзбекстанның тәжірибесін мысалға келтіруге болады. Олар өздеріне тән жайлы мінезіне салып, ұрандатып-шулатпай-ақ, қажет кезінде орыс тіліне де жүгіне отырып, тіл мәселесін толық шешіп алды. Менің таңғалатыным, Өзбекстанның мемлекеттік орган-*



дарында әлі күнге дейін орыс тілі қолданылады. Тіпті олардың тұтас тарихында да осылай болған. Өзбектер қоғамдық қатынастарды саяси-ландырмай, еңбек пен саудаға басымдық беріп, ХХ ғасырдың бас кезіндегі аз ғана халықтан қазір Орталық Азиядағы ең үлкен ұлтқа айналды. Сондықтан ұлы Абайдың өзбек халқына қатысты айтқан парасатты ой-пікірі қазіргі технология ғасырында да өзінің өзектілігін жоғалтпағанын байқаймыз. Өзбектер саясатқа құмар емес, олар еңбек еткенді құптайды. Бұл ел көшеде ұрандатып шеруге шығып жүрген жоқ. Қайта жасампаздыққа жетелейтін еңбекпен айналысып жатыр».

Осы тұста мемлекет басшысының «Өзбектер... ХХ ғасырдың бас кезіндегі аз ғана халықтан қазір Орталық Азиядағы ең үлкен ұлтқа айналды» деген сөзі мен содан туындайтын «Қазақтардың демографиялық жағдайы осы кезең ішінде қалайша қалыптасты?» деген сұрақ бойынша азғана анықтама бере кеткен жөн сияқты. 1897 жылы Ресей империясында алғашқы халық санағы жүргізілген еді. Кеңес заманында жарық көрген «Народы Средней Азии и Казахстана» (Под ред. С.П.Толстова и других. Издательство АН СССР, 1962) деген екі томдық академиялық еңбекте сол тұста Түркістан губерниясындағы өзбектердің саны 1 миллион 848 мың болғаны көрсетілген. Бұқара әмірлігі мен Хиуа хандығы ол кезде Ресей империясының протектораттары ретінде Түркістан губерниясының құрамына кірмейтін еді. Осы екеуінің ауқымындағы өзбектер санының ол кезде қанша болғаны туралы мәліметтер американ ғалымы Сеймур Беккердің «Russia's Protectorates in Central Asia: Bukhara and Khiva, 1865—1924» (Harvard University Press. 1968) деп аталатын кітабында келтірілген. Оның есебінше, Хиуа хандығының 65 пайызға жуығы өзбек болған. Бұл – 250 мыңдай адам. Сол американ зерттеушісінің пайымдауынша, Бұқара әмірлігінің 55-60 пайызы өзбек болған. Бұл – тағы да 800 мыңнан сәл астам адам. Сонда бүкіл

Орта Азияда немесе, қазіргіше айтатын болсақ, Орталық Азияда 1897 жылы 2 миллион 898 мың өзбек болған. Қайталап айтамыз: бұл гипотетикалық және мейілінше перспективті есеп негізінде құрылған ретроспекция ғана. Өйткені аталмыш санақ барысында өзбектердің ресми саны 535 мың болды деген мәлімет тіркелген. Ал сол 1897 жылы 3 миллион 787 мың қазақ есепке алынған. Бұған Бұқара әмірлігі мен Хиуа хандығына қараған қандастарымыз кірмеген.

1924 жылы ұлттық-мемлекеттік бөліс жүргізілгенде Түркістан Автономиялық Кеңестік Социалистік республикасында 2 миллион 389 940 адам, Бұқара Халық Кеңестік Республикасында 975 565 адам және Хиуа Халық Кеңестік Республикасында 391 900 адам өзбек болып жазылған. Барлығы – 3 миллион 757 305 адам. Содан осы уақытқа дейінгі бір ғасырға жуық кезеңде олардың кеңестік және пост-кеңестік кеңістіктегі саны ұдайы және жоғары қарқынмен өсіп отырды. Сол 1924 жылдан, яғни Өзбек Кеңестік Социалистік Республикасы құрылған кезден, соңғы кеңестік санақ жүргізілген 1989 жылға дейін бұл көрсеткіш 14 миллион 142,4 мыңға дейін жеткен, яғни 4,3 есе өскен, Ал ғалым-этнограф Г.Н.Потанин «крупнейший инородческий народ России», яғни славяндардан кейінгі ең көп халық деп атаған және 1911 жылы 4 миллион 692 мыңға жеткен қазақтың саны болса, сол кезден 1989 жылға дейін 8 миллион 82 мыңға дейін, яғни 1,7 есе ғана өскен.

Қазіргі кезде бір ғана Өзбекстандағы өзбектердің саны 30 миллионға, ал Қазақстандағы қазақтардың саны 10 миллионға жетті. Жиырмамыншы ғасырдың басындағы жағдаймен салыстырғанда Орталық Азия аймағындағы өзбектердің жалпы саны 10 еседен астам, қазақтардың саны 2 еседен астам ұлғайған. Сондықтан Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың *«Өзбектер... XX ғасырдың бас кезіндегі аз ғана халықтан қазір Орталық Азиядағы ең үлкен ұлтқа айналды»* деген сөзі осындай өзгерісті мегзейтін болса керек. Бұның өзі терең мағыналы ой салатындай жайт сияқты көрінеді.

Бұл жердегі назар аударарлық мәселе демографиялық динамикада ғана емес, сонымен қатар тіл факторында да болса керек. Бұрынғы кезеңдерде бірнеше мемлекеттік құрылымның құрамында болып, бөлектенуді басынан кешкен өзбек халқын біртұтас ұлт қылып ұйыстырып, мызғымас ел қылып қалыптастыруға басты негіз болған өзбек тілі мен өзбек мәдениеті екені сөзсіз ғой. Оған кім күмән келтіре алады?

Қазір өзбек тілінде сөйлейтін адамдардың әлемдегі жалпы саны 40 миллионға жуықтады. Бұл көрсеткіш Өзбекстан мемлекетінің түрлі ұлт өкілдерінен тұратын халқын және оған көршілес елдерде өмір сүріп жатқан өзбектерді қамтиды. Ал осыдан жүз жылдан астам уақыт бұрын Түркістан аймағының негізгі отырықшы түркітілді халқының тілін ресми құжаттарда «өзбек тілі» деп атау керектігін нақты түрде дәлелдеу қажет болған. Қазақ қоғамдық қайраткері мен шығыстанушысы Серәлі Мұнайтпасұлы Лапин осы мақсаттың орындалуына және жалпы қазақ, өзбек, қырғыз атауларының

дұрыс қолданыла бастауына өз үлесін қосқан. Бұл туралы «Вестник КазНПУ» журналында 2012 жылы жарық көрген «Серали Лапин: жизнь и деятельность» деп аталған мақалада былай делінген: *«9 ноября 1894 года действительный член Самаркандского Областного статистического комитета С.М. Лапин в «Вместо предисловия к первому изданию» к составленному им Карманному Русско-Узбекскому словарю писал: «Настоящий труд является попыткой — ответить на давно назревшую потребность у местного русского населения в «общедоступном» словаре узбекского языка». Примечательно, что к Словарю прилагалась «Грамматика узбекского языка». Ранее и много позднее вообще речь не шла об узбекских словарях, узбекской грамматике, применялись понятия сартовский словарь, сартовская грамматика и т. д. Например, В. П. Наливкин и его знаменитый «Русско-сартовский и сартовско-русский словарь. — Ташкент, 1912». Такой подход, был отнюдь не случаен, он выливался в большую дискуссию, которую Лапин будет вести и с Н. П. Остроумовым, и с В. В. Бартольдом».*

Сол кездегі орыстың этнология пен лингвистиканы зерттеумен айналысатын ғалымдары мен солардың ұсыныстары бойынша атауларға байланысты тиісті шешімдер қабылдайтын Ресей империясының ресми өкілдерінің «өзбек тілінің» орнына «сарт тілі» атауын бекітуге ниетті болуының өзіндік себебі болған сияқты. Бұның түсіндірмесі мынада. Қазіргі Өзбекстан аумағында ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басында өмір сүрген жергілікті халықтың басым көпшілігін орыс әкімшілігі «сарттар» деп, ал олардың тілін «сарт тілі» деп есептеген. Мәселен, Ресей империясында сол 1897 жылы 1 миллион 458 мың «сарт» пен 535 мың өзбек, 1911 жылы 1 миллион 847 мың «сарт» пен 592 мың өзбек есепке алынған. Бұған Бұқара әмірлігі мен Хиуа хандығының ауқымында өмір сүрген халық кірмеген.

Қалай болғанда да, патшалық Ресей заманында қазақтар мен «сарттар» Орталық Азияның саны жағынан ең көп этностары болып саналған. Серәлі Мұңайтпасұлы Лапин орыстардың «сарт тілі» деп атап жүрген тілі мен өзбек тілі екеуінің арасында ешқандай айырмашылық жоқ екенін ғылыми және ресми ортада бірінші болып дәлелдеп шыққан. Бұны ешкім жоққа шығара алмайтын болса керек. Осының айғағы ретінде Википедияда жарияланған «Узбекский язык» деген ғылыми-танымдық мақалада мынадай сөздер айтылған: *«Сам термин «узбекский» в применении к языку имел разный смысл в разные времена. В российской этнографической литературе до 1921 года «узбекский» и «сартский» рассматривались как два диалекта одного языка. В начале XX века Н. Ф. Ситняковский писал, что язык сартов Ферганы «чисто» узбекский (узбек-тили). По мнению казахского тюрколога Сералы Лапина, жившего в конце XIX — начале XX века, «нет особого народа сарт, отличного от узбеков, и нет особого сартовского языка, отличного от узбекского». Другие же разделяли сартов и узбеков».* Осындай дәлелдеудің арқасында, кейіннен «сарт халқы» мен «сарт тілі» деген атаулар қолданыстан біржола алынып тасталды. Сөйтіп, 1926 жүргізілген санақтың нәтижесі өзбектер санының

3 миллион 905 мыңға жеткенін және олардың демографиялық көрсеткіш жағынан Орталық Азияның сол кезде 3 миллион 968 мың болған қазақтан кейінгі ең көп халқына айналғанын айғақтады.

Осы бір игілі өзгерістер Президент Тоқаев айтқандай өзбектердің *«XX ғасырдың бас кезіндегі аз ғана халықтан қазір Орталық Азиядағы ең үлкен ұлтқа айналуына»* қатты қарқын берген сияқты. Жалпы, Өзбекстанда осыдан жүз жыл бұрын орын алған негізгі ұлт пен тіл тегінің қайдан тарайтыны туралы жаңаша ресми көзқарастың қалыптасуы және осының негізінде соларға қатысты түрде қазір үйреншікті болған тиісті атаулардың бекітілуі тап сол кезде Түркияда болған дәл сондай дерлік трансформацияға қатты ұқсайды. Бірінші дүниежүзілік соғысқа дейінгі Осман империясында «түрік» деп ауылдық жерлерде тұратын қарапайым адамдарды атаған. Ал билеуші тап өкілдері мен қала халқы «османлы» деп аталған. Ал мемлекеттің тілі «османлы тілі» деп есептелген. Сосын 1920-сыншы жылдары жоғарыда айтылғандай өзгерістер жүзеге асырылған.


Қалай дегенде де, Түркияда «османлы тілі» деген түсініктің орнына «түрік тілі» атауының енгізілуі мен Өзбекстанда «сарт тілі» деген түсініктің орнына «өзбек тілі» деген атаудың орнықтырылуы осы екі елдің негізгі этностарының екі үлкен қуатты ұлтқа айналуына тікелей септігін тигізген болса керек. Қазір бұл екеуі түркі әлеміндегі халқы ең көп екі мемлекеттің негізгі ұлттары болып табылады.

Осы бір салыстырмалы мысалдың өзінен біз тілдік негіздің халық бірлігін нығайту үшін, оның іргелі ұлт болып қалыптасуы үшін қаншалықты маңызды екенін көре аламыз. Еуропалық білік жүйесіне ыңғайлану қажеттігі түркі халықтарының сақталуы мен заман талабына сай даму жолына түсуі үшін өте бір өзекті мәселеге айналған кезде, яғни XIX ғасырдың аяғында – XX ғасырдың басында қазақ халқы мен қазақ тіліне қатысты түсінік ешбір өзгеріске ұшыраған жоқ. Біздің халқымыз соған дейінгі талай ғасырлар бойы өзін тегі, тілі және мәдениеті ортақ біртұтас этнос ретінде сезінумен болған. Біздің тарихымыз басқаша қалыптасты. Сондықтан қазақтар жоғарыда аталғандай шешуші кезеңде өзбектер мен түріктер сияқты ұлт атауы мен тіл атауына қатысты екі ұдай түсінік кезеңін басынан кешкен жоқ. Рас, Ресей империясында қазақты орысша ресми түрде «киргиз» деп атау дәстүрі қалыптасқан. Бірақ қазақтар бұны ешқашан мойындаған емес. Сондықтан сол уақытта орыстың бізді «киргиз» деп атауы 1920-сыншы жылдардың басында ресми түрде тоқтатылды.

Қазақ тілінде диалектілердің жоқтығы туралы В.В.Радлов, П.М.Мелиоранский, Н.И.Ильминский, А.М.Позднеев, С.Е.Малов және тағы да басқа орыс зерттеушілері жазған болатын. Қазақ тілінің таң қалдырарлық біркелкілігі қазақ халқының ауқымымен ғана шектелмейді.

Өйткені қазірдің өзінде қазақтар ноғай және қарақалпақ халықтарының өкілдерімен өз тілінде сөйлескендей тілдеседі. Айырмашылық жоқтың қасы. Ал осыдан жүз жылдай бұрын бұл үшеуінің тілдері тіпті бір ортақ тілдей көрінген болар. Сол XIX ғасырдың аяғында – XX ғасыр-

дың басында жарық көрген Брокгауз бен Ефронның көптомдық энциклопедиялық сөздігінде қазақ тілі туралы мынадай пікір келтірілген: *«Қырғыздардың (қазақтардың) тілі өзінің бастапқы, таза түркі сипатын сақтап қалған. Қырғыз сахарасының кең аумағында қырғыз-қайсақтардың тілі диалектілерге бөлінбейді: Еділ мен Ертісте бір ғана тіл. Қарақырғыздардың (қырғыздар) тілі қырғыз-қайсақтардың тіліне өте жақын, бірақ одан фонетикалық тұрғыдан айырмашылықтары бар»*. Ал бұл дегеніңіз — халқымыздың арасында этникалық өзін-өзі тану деңгейінің (уровень этнического самосознания или идентификации) бағзы заманнан бері өте жоғары болып қалыптасып қала бергенінің көрсеткіші.



Еуропалық білік жүйесіне ыңғайлану қажеттігі өзекті мәселеге айналған тұста қазақ тілінің жаңа талаптарға сай базасын қалыптастыру жұмысы қолға алынды. Бұл іске алдымен ХІХ ғасырдың екінші жартысынан бастап кіріскен орыс ғалымдары еді. Бұлардың қатарында Н.И.Ильминский, М.А.Терентьев, П.М.Мелиоранский, В.В.Катаринский сияқты Ресейдің белгілі түркітанушылары болды. Сол кезеңде олардың қазақ тіліне арналған жекелеген еңбектері жарыққа шықты. Бұлардың ішінде Қазанда 1861 жарық көрген Н.И.Ильминскийдің практикалық мақсатта жазылған және фонетика, грамматика мен сөздіктен тұратын «Материалы к изучению киргизского (казахского) наречия» деп аталатын еңбегін, Санкт-Петербургте 1875 жылы жарияланған М.А.Терентьевтің «Грамматика турецкая, персидская и киргизская, узбекская» деген туындысын, Санкт-Петербургте 1894-97 жылдары басылып шыққан П.М.Мелиоранскийдің қазақ тілінің грамматикалық құрылысын қарастыратын «Краткая грамматика казах-киргизского языка» деген зерттеуін атап өтуге болады. Ал жоғарыда аттары аталған Ресейдің белгілі түркітанушыларының енді біреуі В.В.Катаринский болса қазақ тілімен 1875 жылы Орынбор оқу округының башқұрт, татар және қазақ мектептерінің жұмысын бақылайтын инспекторы қызметіне тағайындалған кезден бастап айналысқан. Ол сол Орынбор қаласында 1894-1906 жылдарда «Первоначальный учебник русского языка для киргиз», «Грамматика киргизского языка», «Материалы по этнографии киргиз» және «Грамматика киргизского языка. Фонетика, этимология и синтаксис» деген туындыларын басып шығарған.

Бірақ бұл оқымыстылар өздері қазақ тілін бүге-шігесіне дейін жетік білмегендіктен, соған қатысты грамматика салаларының берік теориялық базасын қалыптастыра алмады. Олар қазақ тілі мәселелерін қарастыру барысында өздерінің ана тілі болып есептелетін орыс тілінің және басқа белгілі тілдердің үлгісіне сүйенді. Бұл жайтты олар-

дың өздері де мойындаған. Мәселен, В.В.Катаринский тілдік фактілерді терең ғылыми тұрғыдан түсіндіруді алдына мақсат етіп қойған жоқ. Оның жұмысы, өз сөзімен айтқанда, «таза практикалық» мақсаттарды көздеген. Бірақ осындай орыс тілші-ғалымдары араб әліпбиінің қазақ дыбыстық жүйесін жеткізуге нашар бейімделгенін және сондықтан оны осы тілдің дыбыстық заңдылығына сәйкестендіру бағытында реформалау керек екенін немесе қазақтар үшін орыс графикасына негізделген жаңа жазу жүйесін жасау қажет екенін атап көрсеткен. Бұл екі ұсыныс та кейіннен практика жүзінде орындалды. Оның алғашқысын 1910-ыншы жылдары Ахмет Байтұрсынұлы, ал кейінгісін 1940-ыншы жылдан бастап қазақ тіл біліміндегі келесі толқын өкілдері жүзеге асырды.

Қалай дегенде де, жоғарыда аталған орыс ғалымдары бастамасының маңызы зор болды. Кейіннен жаңаша оқып, білім алған қазақ халқының өз ұлдары бұл істі іліп алып, әрі қарай дамытуға көшті. ХІХ ғасырдың екінші жартысында Ыбырай Алтынсарин қазақ жазуын орыс графикасына негіздеуге талпыныс жасады. Ол 1879 жылы Орынборда сол өзі дайындаған әліпби негізінде құрылған қазақ мектептеріне арналған қазақ тіліндегі тұңғыш оқулықтарды – «Қырғыз хрестоматиясы» («Киргизская хрестоматия») мен «Қырғыздарға орыс тілін оқытуға арналған алғашқы нұсқаулықты» («Начальное руководство к обучению киргизов русскому языку») – басып шығарды.

Қазақ тілі грамматикалық құрылысының өзіміздің ана тілімізде зерттеліп, нәтижесінің жарық көруі ХХ ғасырдың басында болды. Бұл істі жүзеге асыруды алғашқы болып Ахмет Байтұрсынұлы 1910-ыншы жылдардан бастап қолға алды. Оның «Оқу құралы» (1912), «Тіл құралы» (1914), «Әліпби» (1924), «Жаңа әліпби» (1926) атты еңбектері қазақ тілінің грамматикасы салаларының берік теориялық және әдістемелік базасын қалыптастыруға және әрі қарай дамытуға негіз болды. Американдық зерттеуші Марта Брилл Олкотт өзінің «Қазақтар» («Kazakhs») атты кітабында Ахмет Байтұрсынұлының қазақ халқы мен тіліне қатысты ұлт патриоты және тіл білімімен айналысатын ғалым ретіндегі кредосын 1913 жылы соның өзінің ұйымдастыруымен шыға бастаған «Қазақ» газетінің бірінші санында жарық көрген алғысөзден алынған мынадай сөздермен түсіндіреді: *«Біздің газетамыздың таңбасы «Қазақ», иәғни қазақтығымызды сақтау. Қазақтық, әрине, аты мен тілі жоғалмаса сақталады»*. Басқаша айтқанда, ол тілші-ғалым ретінде қазақ тілі грамматикасының теориялық және әдістемелік базасын қалыптастырумен ғана шектелмей, қоғамдық және саяси қайраткер ретінде ұлтымыз бен тіліміздің атауының бұрмаланбай қолданылуы үшін де аянбай күресті. Осы мәселе турасында Ахмет Байтұрсынұлы бас редакторы болған «Қазақ» газетінде жарық көрген «Қазақтың тарихы» атты мақалада былай делінген: *«Тарих кітаптарындағы көп қатенің бірі – тарих жазушылардың шеңбері қазақ пен қырғызды айырмайды. Қазақ-қазақ, қырғыз өз алдына қырғыз, бұлардың арасында ерекше белгі жоқ. Түрікмен менен башқұрт қандай басқа-басқа ел болса, қазақ пен қырғыз да*

сондай басқа-басқа ел. Орыстардың, әсіресе хукіметінің қазақты қазақ демей, қырғыз деп жүргені рас, бірақ олар өздерінің атты «казачи» әскерінен айыру үшін, жаңылыс болса дағы қазақты қырғыз атап жүр. Орысша оқыған қазақ жастарының мойнына алатын бір жұмысы мекемеден шеткері болған һәрбір істі орында, һәрбір істе «киргиз» деген жаңылыс атты қойып, «қазақ» деген атты қолдану тиіс».

Ахмет Байтұрсынұлы халықтың тез сауаттанып, хат тануына қол жеткізу үшін талай ғасырлар бойы қолданыста болған араб әліпбиін қазақ тілінің дыбыстық заңдылығына сәйкестендіру бағытында реформалау қажет деп санады. Және де ол осы істі өз қолына алып, жүзеге асырды. Ахмет Байтұрсынұлының әліпбиі, яғни төте жазу 1910-ыншы жылдардан бастап қолданысқа енді. Осыдан кейінгі кезеңде қазақ тіл білімінің ғылым ретінде қалыптасып, дамуының барысы Ахмет Байтұрсынұлының есімімен тығыз байланысты болды. Және де солай болып қала бермек. Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тіл білімінің түрлі салалары бойынша жасаған тұжырымдары Е.Омаров, Қ.Кемеңгеров, Т.Шонанов, Ж.Аймауытов және Қ.Жұбанов сияқты зерттеушілердің еңбектерінде жалғасын тапты.

Сонымен, XX ғасырдың бас кезінде Орталық Азия аймағының Ресей империясына тікелей бағынышты бөлігінде – Дала өлкесі мен Түркістан губерниясында – қазаққа (1911 жылғы ресми деректер бойынша, 4 миллион 692 мың адам) қарағанда бір ғана өзбектер (592 мың адам) емес, сонымен қатар тәжіктер (397 мың адам), түрікмендер (290 мың адам) мен қырғыздар (202 мың адам) да саны жағынан аз халықтар болып есептелетін. Ол кезде аймақтың байырғы этностары ретінде он халық есепке алынатын болған. Бұлар – қазақтар, «сарттар», өзбектер, тәжіктер, түрікмендер, қырғыздар, қарақалпақтар, тараншылар, қашғарлықтар, «түркілер». Олардың жалпы саны 8 миллион 177 мың адам болған. Бұның ішінде жалғыз ғана қазақтың үлесі 52,5%, ал қалған тоғызының бірлескен үлесі 47,5% құраған. Сол өзбектер XX ғасырдың бас кезінде, Президент Тоқаев айтқандай, «аз ғана халық» болып қана қоймай, өз тілін еуропалық білік жүйесіне ыңғайлау жағынан да қазақтардан біраз кейін қалып келе жатты. Бұның өз себебі болған сияқты. Қолда бар мәліметтерге қарағанда, XX ғасырдың басында Ресей империясының еуропалық үлгідегі университеттерінде немесе басқа да арнайы оқу орындарында білім алған ортаазиялық байырғы этностар өкілдерінің 90 немесе тіпті 95 пайызға дейінгісі қазақтар болған.

Сол тұста жаңаша оқыған азаматтарымыз қазақтың ғана емес, аймақтағы өзге де көршілес халықтардың заман талабына сай тіл білімін қалыптастыруға атсалысқан. Мәселен, қазіргі Қызылорда облысының жерінде туып өскен Серәлі Мұңайтпасұлы Лапин ұлы парсы ақыны Фирдоусидің «Шахнаме» атты дастанын қазақ тіліне аударумен қатар 1890-ыншы жылдары ең алғашқы орысша-өзбекше сөздіктердің бірін жарыққа жығарды. Одан бұрын, дәлірек айтқанда 1884 жылы ондай еңбекті тек орыс этнографы және зерттеушісі Владимир Петрович Наливкин ғана жариялаған еді. Бұл екі туынды

да қосымша ретіндегі грамматикалық мәліметтермен толықтырылған болатын. Бір ғана айырмашылығы В.П.Наливкиннің өз әйелі М.В.Наливкинамен бірлесе дайындап, Қазанда жариялаған еңбегі «Русско-сартовский и сартовско-русский словарь» деп, ал С.М.Лапиннің Самарқанда басылған еңбегі «Карманный русско-узбекский словарь» деп аталды. Яғни қазақ тілші-ғалымы қазіргі заманғы өзбек тіл білімінің алғашқы болып негізін қалаушылардың бірі ғана болып қоймай, сол тілдің «сарт» тілі емес, өзбек тілі болып аталуы қажет екенін бірінші болып ғылыми ортада дәлелдеп шыққан.

Басқаша айтқанда, XX ғасырдың басында Орталық Азияның байырғы халықтарының арасында қазақтар ұлттық тіл білімінің негізін бірінші болып қалады және осы тұрғыдан қарағанда қалғандардан көш ілгері озық болды. Ол ол ма, біздің оқыған азаматтар 1917 жылғы Ақпан революциясына дейін де, одан кейін де аймақтағы көрші түркі тілдес халықтардың жаңаша тіл білімін және басқа да ғылым салаларын қалыптастыруына белсенді түрде араласты. Бұл орайда 1922–1925 жылдары «Социально-политический словарь русско-узбекского языка», «История Туркестана» және «К вопросу о латинизации тюркских алфавитов» деген еңбектерін жариялаған қазақтан шыққан тұңғыш дипломат Нәзір Төреқұловты атауға болады.

Ия, шындығында да XIX ғасырдың аяғында – XX ғасырдың басында Қазақстанда ұлтымыздың тілі мен мәдениетінің дамуына теңдесі жоқ үлес қосқан және одан да көп еңбектер атқарарлықтай потенциалы болған жарқын талантты және жоғары білімді қазақтардың тұтас бір шоғыры пайда болды. Егерде тарих басқаша өрбіген болса, олар ғылым және мәдениет салаларында таңғаларлықтай жарық із қалдырар еді деген болжам айтуға болады. Бірақ шындығында бұл азаматтар түгелдей дерлік 1920–1930-ыншы жылдары саяси репрессияларға ұшырады. Олардың еңбектерін пайдаланбақ түгілі, атауға да тиым салынған заман болды. Сондықтан кітапханалардағы сөрелерден қазақша тіпті ешбір дерлік кітап табылмаған кез де болды. Оның үстіне елдегі этникалық және демографиялық құрам да өзгерді. Екінші дүниежүзілік соғыстың қарсаңында қазақтың өз республикасындағы үлесі 38 пайызға дейін, ал 1959 жылы 28 пайызға дейін қысқарып кетті. Осының бәрі тіліміздің жалпы жағдайы мен қоғамда алатын орнына, әрине, теріс әсерін тигізбей қоймады.

Сондықтан қазіргі пост-кеңестік ауқымда Өзбекстанда осыдан жүз жыл бұрын қазақ ағартушыларының тікелей араласуымен іргесі қаланған өзбек тіл білімінің басты зерттеу объектісі болып табылатын өзбек тілінің жағдайының Қазақстандағы қазақ тілінің жағдайынан жақсырақ көрінетініне түсіністікпен қарау керек сияқты. XX ғасыр барысында екі ел де КСРО тарағанға дейін бір ортақ мемлекеттің құрамында болғанымен, біздің республикамыздың тарихи тағдыры аталмыш көршілеріміздікіне қарағанда біршама басқаша қалыптасты. Арадағы тілге қатысты айырмашылықты Татарстан Ғылым Академиясына қарасты Татар энциклопедиясы институтының аға ғылыми қызметкері, белгілі шығыстанушы Азат

Ахунов былай деп түсіндіреді: *«Узбеки [в советское время] никогда не забывали свой родной язык и культуру, но вольно или невольно ассимиляция шла, роль русского языка усиливалась. Конечно, ситуация была совсем иной, чем, скажем, в Казахстане, который почти полностью русифицировался – русский язык там до сих пор на первом месте»* (www.business-gazeta.ru/article/468047).

Болған нәрсе болды, өткен нәрсе өтті. Қазіргі жағдай басқа. Тәуелсіздік алғаннан бері қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін көтеру, оның қолдану аясын кеңейту мақсатында көптеген онды істер атқарылғандығы бәрімізге де белгілі. Енді көздеген мақсатымыздың «әрі қарай қандай бағыт ұстанған жөн?» деген сұрақтың жауабын іздеп, оның оң шешімінің табылуына бастамашы болуы қажет. Сол жоғарыда аталған республикалық «Ана тілі» газетіне арнайы берген сұхбатында мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев осы мәселеге қатысты түрде оқырмандармен мынадай ойымен бөлісті: *«Тарихтан сабақ ала отырып, біз технология мен роботтар басты рөл атқаратын жаңа дәуірдегі қазақ халқының игілікті өмірі жайында ойлануымыз керек. Әлем түпкілікті өзгерістердің алдында тұр. Сол себепті есте жоқ ескі заманды аңсамай, лингвистикалық мәдениеттің айналасын шиырлай бермей, тарихымызды да дәріптеп, салт-дәстүрімізді сақтай отырып, алға ұмтылуымыз қажет. Біздің мемлекеттік тілдің жағдайын қайта-қайта көтеріп, оның мүшкіл халі туралы айта бергенімізге өзге елдер, әсіресе Орталық Азиядағы мемлекеттер түсінбей, таңданыспен қарайды. Қазір – нағыз аз сөйлеп, көп іс тындыратын шақ»*.

Бұл әбден дұрыс. Және де ол тек айтылған сөз ғана болып қалмай, атқарушы билік жүйесінде тілге қатысты мәселелерді шешуге келгенде туралай басшылыққа алынуға тиіс нұсқаулық ретінде қабылданған деуге де рет бар. Осы жерде бір ғана мысал келтірейік. Мәселен, жақында отандық баспасөз бетінде қоғамдық кеңістікте пайдаланылып жүрген қазақ тілінің тап сондай орыс тілінің калькасына айналуы қаупі туралы мәселе көтерілген.

Мұндай жағдайдың шынында да орын алғанын теріске шығара алмаймыз. Бұл қалай дегенде де өзіміздің мемлекеттік тілімізге жанашыр қауымды алаңдататын жайт. Өйткені кез-келген ұлттың ғасырлар бойы даму тарихы бар тілі жай ғана сөздердің жиынтығы емес. Ол – ең алдымен белгілі бір халыққа тән, өзіндік ойлау жүйесі. Тұтас күйінде алғанда, тіл осы халықтың бүкіл өткен өмірі бойы жинақтаған психофизикалық тәжірибесінің символдар арқылы белгіленген бейнесінің көрінісі болып табылады. Ал сөздер болса оның қоғамға қызмет етуін қамтамасыз ететін құрал ғана. Олар осы халықтың өзіндік ойлау не дүниетану ерекшелігінің негізі болып табылатын психофизикалық түйіннен қол үзіп, басқа ұлттың ойлау жүйесінің көлеңкесіне айнала бастаған шақта, яғни шетел терминдерінің сөзбе-сөз аудармасы ретінде көрініс таба бастаған шақта, тіл тіл болудан қалады. Қазақстандағы қоғамдық кеңістікте пайдаланылып жүрген қазақ тілінің тап солайша қолданылып жүрген орыс тілінің калькасына айна-



луы қаупі осындай жағдайдың қалыптасуы мүмкін екенін мегзейтін болса керек. Сондықтан баспасөзде көтерілген мәселенің аяқсыз қалмағанына таңданудың қажеті жоқ болар деп ойлаймыз.

2020 жылғы қараша айының 12-сі күні «БАҚ-тағы сөз мәдениеті» деген тақырыпта өткен онлайн кездесу барысында сөз алған Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Тіл саясаты комитетінің төрағасы Әділбек Қаба бұндай негативті үрдістің шынымен бар екенін айтып, осы жағдайға мынадай баға берді: *«Ал, сөйлеу мәнеріміз бен ойымызды ана тілімізде жеткізу де оңайға түсіп жатқан жоқ. Мұның тамыры тереңде жатыр. Кешегі Кеңес үкіметі кезінде орыс тілді материалдарға басымдық беріліп, қазақ тілі соның көлеңкесінде қалды. Міне, осы кезде қазақшаға шалағай аударудың кесірінен орысшаның калькасы, орашалақ қайырымдар пайда болды. Бүгінгі жағдай да содан көп алысқа ұзап кете қойған жоқ. Шұрайлы тіліміз қазақы болмысынан ажырап, көз алдымызда қарабайырланып барады. Ұлттың тамырынан айырылып қала ма деп алаңдаймыз».*

Арада бір жыл өтер-өтпестен, нақтылап айтқанда, 2021 жылғы қыркүйек айының басында Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Басшысының сол кездегі бірінші орынбасары Дәурен Абаевтың идеясы негізінде ҰҒА академигі, филология ғылымының докторы, профессор Шерубай Құрманбайұлының жетекшілік етуімен жүзеге асырылған жобаның нәтижесінде қомақты «Сөзтүзер» қате қолданыстар сөздігі жарық көрді. Оған президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың өзі «Сөз түзейтін сөздік» деп аталатын алғысөз жазған (https://adebiportal.kz/kz/news/view/soz_tuzeitin_sozdik_zharik_kordi_23493). Сөйтіп, отандық баспасөзде көтерілген тіл тақырыбына қатысты мәселе бірден соншалықты жоғары дәрежеде назарға ілініп қана қоймай, елді басқарып отырған азаматтардың араласуымен қысқа мерзім ішінде жауабын тапты десе

де болады. Президент Тоқаев осы кітапқа жазған алғысөзінде былай деген: *«Тіл тазалығын сақтау ісінде бұқаралық ақпарат құралдары ерекше рөл атқарады. Жұрттың бәрі тіл маманы емес. Журналистер қай сөзді немесе терминді қалай қолданса, көпшілік солай болуы керек деп қабылдайтыны жасырын емес. Сондықтан медиа саласы қызметкерлерінің сөз өнерін жетік меңгеруі аса маңызды.*


Өкінішке қарай, ақпарат құралдарында сөздер мен тіркестерді орынсыз немесе қате қолдану фактілері жиі кездесуде. Бұл кемшілікті дер кезінде түзету – маңызды міндет. Осыған орай, арнайы сөздік жасалып, көпшілікке ұсынылып отыр.

Мұнда сөздерді қате қолданудың екі мыңнан астам нақты мысалы жинақталған. Оның бәрі – ақпарат құралдарынан өзіміз күнделікті көріп жүрген мысалдар. Сөздікте қате қолданыстардың туындау себебі айқындалып, дұрыс нұсқасы көрсетілген. Бұл еңбектің ерекшелігі мен практикалық құндылығы осында.

Осы сөздікті дайындаған білікті мамандарға ризашылығымды білдіремін. «Сөзтүзер» БАҚ саласы мамандарының ғана емес, қалың көпшіліктің де игілігіне айналады деп сенемін».

XXI ғасыр – бұл ақпараттық қоғам дәуірі, сандық технологияларға негізделген даму үрдісі кеңінен орын алған уақыт. Қазіргі заман талабы тіл тақырыбына қатысты құр сөз болып қалатын әңгімені айта бергенді көтермейді. Осы орайда қандай да болмасын бір мәселе көтерілген соң, оның тез арада шешілуін қарастырған жөн, не болмаса оны нақты түрде реттеудің жолдарын белгілейтін ұзақ мерзімдік бағдарлама дайындаған ләзім. Сондықтан Президент Тоқаевтың мемлекеттік тіліміздің жағдайын жақсарту мәселесі турасында *«Қазір – нағыз аз сөйлеп, көп іс тындыратын шақ»* деуін әбден орынды айтылған сөз ретінде қабылдау қажет. Қорыта айтқанда, тілімізге шын жанашыр боламыз десек, оны айнала ту көтеріп жүре бергенді қойып, тілімізді ғылыми негізге сүйене отырып реттеп, жүйеге келтіру ісіне білекті сыбанып тұрып кірісуіміз керек. Оны өзіміз жөндеп, заман талабына ыңғайлап алмасақ, бұл шаруаны біз үшін басқа ешкім де істеп бермейді. Тіл мен жаққа сүйеніп, көк езу болып сөйлей бергенде біткен бірде-бір шынайы істі көргеніміз жоқ әлі. Сондықтан бүгінгі жағдай тындырымды әрекет етуді қажет етеді.

Бірақ осы тілге қатысты қандай да болмасын бір реформаларды қолға алғанда, жан-жақты тұрғыдан талдау жасамай, атүсті, ұшқары шешім қабылдау да дұрыс болмаған болар еді. Бұны ел басшылығының да жақсы түсінетініне ешбір күмән жоқ. Оның дәлелі – мынау. «Qazaqstan» ұлттық телеарнасына ақпан айында берген сұхбатында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев: *«Тілімізге келсек,*



оны да сақтап қаламыз. Басқаша болмайды, себебі, тарихымыздағы ең күрделі кезеңдерде тіліміз көзі ашық ағаларымыздың, қарапайым халқымыздың арқасында аман қалды. Дегенмен тіл реформасын жасауымыз керек. Мәселе латын графикасына жедел түрде көшу емес. Бұл мәселеге байыппен қараған жөн. Сараптама жасалуға тиіс. Қисынсыз нәрсенің пайдасы жоқ. Әсіресе тілге келгенде, асығыстық танытуға болмайды. Себебі бұл – өте нәзік дүние», – деп, ашығын айтты.

XIX ғасырдың аяғында – XX ғасырдың басында, яғни Орталық Азияның байырғы халықтары үшін өз тілдерін еуропалық білік жүйесіне ыңғайлау қажеттігі өзекті мәселеге айналған тұста қазақ тілші-ғалымдары осы аймақ бойынша сурылып алға шыққан және бір өзіміздің ғана емес, көршілес өзбектің тіл білімін қалыптастыруға күш-жігер жұмылдырған. Бұл туралы жоғарыда айтылды. Ал жүз жыл өткен соң, нақтылап айтқанда XX ғасырдың аяғында – XXI ғасырдың басында енді өзбек тілші-ғалымдары жаңаша тіл реформасын жүзеге асыруға келгенде қазақ әріптестерінен озып, алға шыққан сияқты көрінеді. Бірақ енді олардың тәжірибесіне ергеннен біз ұтамыз ба, әлде ұтыламыз ба? Ендігі мәселе сонда болса керек.

Олардың өз жазуын кириллицадан латынға көшіруі 1993 жылда басталған. Сол кезде көрші пост-кеңестік республикада осындай реформаны жүзеге асыруға жол ашатын тиісті заң қабылданды. 1995 жылы алдында бекітілген латын графикасы қайта қаралып, оған түзетулер енгізілді. Бірақ латынша әліпбидің екінші нұсқасы да кейіннен сынға ұшырады. Оған да қоғам тарапынан көңіл толмаушылық туындады. Нәтижесінде 2019 жылы өзбек әліпбиін жетілдірумен айналысатын жұмыс тобы 1993 жылы ұсынылған нұсқаға оралу туралы ұсыныс жасады. Сөйтіп, өзбек алфавитінің жаңа нұсқасын дайындау қолға алынды. Осы жұмыс барысында таңбалардың түрік тілінің латын нұсқасына мейілінше ұқсас болуы көзделген сияқты. Өзбекстан ғылым академиясы тарапынан ұсынылып, 2021 жылғы 16 наурызда жарияланған жобаға қарасты жаңа әліпбиде 28 әріп, бір диграф (ng) және айыру белгісін білдіретін бір апостроф бар. Онда Ш ш әрпін Ş ş, Ч ч әрпін Ç ç етіп таңбалау ұсынылған. Яғни олар тура түрік әліпбиіндегідей қылып белгіленген. Бұл жобаны талқылау 2021 жылғы 16 наурыздан 31 наурызға дейін созылды. Енді қазір Өзбекстанда 2023 жылдан бастап латын әліпбиіне толық көшу жоспарланып отыр. Яғни ол елдегі 1993 жылғы 2 қыркүйекте қабылданған «Латын графикасына негізделген өзбек алфавиті туралы» атты шешім бойынша басталған жазу реформасы әлі күнге дейін жүріп жатыр. Оны жүзеге асыру мақсатында әуел баста қабылданып, бекітілген жоба аяқсыз қалды. Сондағы жоспар бойынша, мектепте өзбек тілін жаңа алфавит негізінде балаларға оқытуды 1996 жылдан бастап қолға алу көзделген болатын. Сонымен қатар, республиканы түгелдей латын қарпіне ауыстыруды 2010 жылға дейін аяқтау межелеген еді. Содан бері бұл меже ұдайы түрде кейінге шегеріліп келді. Нәтижесінде елде екі әліпбиді – латынша мен кириллицаны – ұзақ жылдар бойы қатар қолдану дәстүрі қалыптасты. Жас ұрпақ латын әліпбиін пайдалануға,

ал аға ұрпақ кириллицаны қолдануға дағдыланған. Өзбек тіліндегі кітаптардың бір бөлігі латын қарпімен, екінші бөлігі кириллица негізінде басылып шығып жатыр.

Өзбекстанның осындай тәжірибесін белгілі бір дәрежеде болсын, толықтай болсын қайталау Қазақстан үшін айналып өте алмайтындай шарт па?! Одан сабақ алу, әрине, керек. Бірақ қайталау тіпті де шарт емес сияқты көрінеді. Өйткені Қазақстанның осындай реформаға отыз жылдай уақытын сарп етуге мойынұсынуы неғайбыл.

Қазір біз өте жылдам түрде көрініс табуын барған сайын үдете түсіп жатқан технологиялық трансформация заманында өмір сүріп отырмыз. Осыдан бір-екі жыл бұрын-ақ жаңадан ғана қабылданған сияқты болған нәрселер қазір тіпті басқаша көрінеді. Күнде-күнде дерлік пайда болып, күнделікті жұмысқа не тұрмысқа енгізіліп жатқан технологиялық жаңалықтарды қатардағы қарапайым адам уақытылы игеріп алуға да үлгере бермейді. Сондықтан тілге қатысты *«бір қайнауы ішінде қалғандай»* графикалық реформаны *«көш жүребара түзеледі»* деген қағидаға сүйене отырып, аспай-саспай жүзеге асыруға біраз жыл сарп етуді бүгінде жағдай көтермейді. Мемлекет басшысының *«технология мен роботтар басты рөл атқаратын жаңа дәуірдегі қазақ халқының игілікті өмірі жайында ойлануымыз керек»* дегені осы орайда көп нәрсені аңғартатын болса керек. Басты мақсат – осы. Қалған шаруаның барлығын соған ыңғайлай отырып істеген ләзім. Демек, қазақ жазуына жасалар болашақ реформаны тереңнен ойластырылған, жеті рет өлшеп, бір рет пішілген бағдарлама негізінде ғана жүзеге асыруға жол ашқан дұрыс болады. Латынша әліпбидің қолданысқа енгізілетін бірінші, екінші және т.б.с.с. нұсқасы деп, бұл істі ұзын-сонарға салуға жол жоқ. Өзбекстанның жоғарыда айтылған тәжірибесінен алар сабағымыз осы болуы керек.